"Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 64 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырда № 20757 болып тіркелді

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 180-6абы 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10764 болып тіркелді, 2015 жылғы 20 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтыраулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқарушы

Н. Пан

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2020 жылғы "__" _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 64 бұйрығына
1 қосымша

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидалары

1-Тарау. Жалпы ереже

1. Осы Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жоюды ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс), Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі - Заң), "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы", "Ақпараттандыру туралы", "Дербес деректер және оларды қорғау туралы", "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының неке заңнамасы саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Қағида тіркеуші органдардың тууды, қайтыс болуды, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар енгізу, оның ішінде әке (ана) болуды белгілеу, ұл (қыз) бала асырап алу кезінде, түзетулер енгізу, азаматтық хал актілерін жою және қалпына келтіру, сондай-ақ қайталама куәліктер, анықтамалар мен азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы актілік жазбалардың көшірмелерін беруді Қазақстан Республикасы аумағында ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тіркеуші орган - азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

2) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) - азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге, сондай-ақ жеке тұлғалардың жеке деректерін құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық нысанда өзгерістер,

түзетулер, толықтырулар енгізу, күшін жою және қалпына келтіруге арналған ақпараттық жүйе;

3) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) - жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

6) мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - "Мониторинг" ИАЖ) – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;

7) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін, қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

8) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы – абонент берген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және ұялы байланыс операторының желісіне қосылатын, қызмет көрсетілетін аумағы шеңберінде географиялық тұрғыдан айқындалатын тұрақты орналасқан жері жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін жеке-дара пайдаланылатын байланыс құралы;

9) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

10) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) - электрондық түрде көрсетілетін ақылы қызметтерді ұсыну шеңберіндегі төлемдер туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңбамен құрылған және электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар электронды түрде АХАЖ АЖ арқылы жүргізеді.

Кент, ауыл, ауылдық округ тұрғындарының азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыруды Кодекстің 179-бабына сәйкес қаладағы, облыстық маңызы бар қаладағы аудандардың жергілікті атқарушы органдары, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері жүзеге асырады.

Электронды ақпараттық қорларды және ақпараттық жүйелерді қорғау және құпиялылықты сақтау мақсатында тіркеуші органдарға АХАЖ АЖ-на қол жеткізуін ақпараттық жүйелердің меншіктенушілері және иелері қолдану құқығын беру туралы тиісті өтінімдерді келісуі арқылы ұсынады.

Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың) аумақтық әділет органдары, тіркеуші органдар құзыреті шегінде жеке тұлғалар туралы Мемлекеттік деректер қорының орталық серверінде орналасқан актілік жазбалардың электронды нұсқасын пайдаланады.

4. Тіркеуші органдар мынадай іс-қимылдарды жасайды:

1) тууды, қайтыс болуды, неке (ерлі-зайыптылықты) қию және бұзуды, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді;

2) азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертеді, толықтырады, оның ішінде әке (ана) болуды белгілеу, ұл (қыз) бала асырап алу кезінде, түзетеді, жазбаларды қалпына келтіреді және жояды;

3) бастапқы және қайталама куәліктерді, анықтамаларды, азаматтық хал актілерінің көшірмелерін береді;

4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу кітаптарының және куәлік бланкілерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктер мен анықтамалар беру саласындағы мемлекеттік қызметтер жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді және олар жасаған акт жазбалары Қазақстан Республикасының астана әкімдігінің тіркеуші органына жіберіледі.

Егер мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтары болса, Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

6. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар құжат иесінің жеке басын анықтайтын құжаты, тиісті құқықтық мәртебесі бойынша жасайды.

Иесінің жеке басын белгілейтін құжаты құқықтық мәртебесіне сәйкес келмесе, ол жарамсыз болып табылады және ол Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына тапсырылуы және ауыстырылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басты куәландыратын құжат "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес ұсынылады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ұсынады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының белгісі бар куәлікті ұсынады.

Шетелдік азамат немесе Қазақстан Республикасында уақытша тұратын азаматтығы жоқ адам, оның құзыретті органдары, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұрғылықты жері бар азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты және олардың мәтінінің нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынады.

7. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде азаматтық хал актілерінің орындалуын растайтын, Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты тиісті мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, егер олар Қазақстан

Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, консулдық заңдастыру немесе арнайы мөр (апостиль) болған кезде, Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тиісті шет мемлекеттің тілінде шығарылған құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылуға жатады.

Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын және Қазақстан Республикасынан тыс жерде шығарылған басқа да растайтын құжаттардың мәтінінің аудармасының дәлдігі нотариалды куәландырылуы, дипломатиялық өкілдікте, консулдық мекемеде, шетелдік азамат азаматы болып табылатын немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тұрақты тұратын мемлекетінің сыртқы саясат ведомствосында куәландырылуы мүмкін.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, туу немесе қайтыс болу туралы медициналық куәліктер, Қазақстан Республикасы сотының шешімдері, үкімдері мен қаулылары, мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар, Қазақстан Республикасында тіркелген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері және тіркеуші органдардың қызметкерлері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) арқылы алады.

Егер ақпараттық жүйелерде тиісті ақпарат болмаса, Мемлекеттік корпорацияның немесе тіркеуші органның қызметкері құжаттардың электрондық/қағаз көшірмелерін түсіреді, содан кейін ауыстыруға немесе жоюға жататын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді қоспағанда, түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен ақпаратты сұратуға жол берілмейді.

Өкіл арқылы ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыруды тіркеуге және баланың ата-анасының бірлескен өтініші негізінде әке болуды анықтау кезінде тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

9. Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштер мен құжаттар келіп түскен күні мемлекеттік қызметтер көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүгінген кезде өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері келесі жұмыс күні шығарылады.

10. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысында ИАЖ "Мониторинг" ақпаратты енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Ақпараттық жүйенің ақаулығы туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО және әділет департаментінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкеріне дереу хабарлайды.

Бұл жағдайда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкерлер ақпараттық жүйенің істен шығу себебін анықтау бойынша шаралар қолданады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық ақаулық туралы хаттама (акт) жасайды және оны көрсетілетін қызметті берушіге қол қоюға береді.

12. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес жиынтығын және/немесе мерзімі өткен құжаттарды ұсынса Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттар пакетін толық ұсынғаннан кейін мемлекеттік қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға берген кезде – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді, қабылданған құжаттар курьерлік байланыс арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды алған күні өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қабылдайды, толтырудың дұрыстығын тексереді, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштердің тізілімінде (бұдан әрі - журнал) тіркеуді жүзеге асырады.

Журналды тек электронды түрде жүргізуге рұқсат етіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы тиісті құжаттарды қабылдау туралы өтініштің жырту талонын береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды порталда ұсынған кезде "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қолы қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру күнін тағайындау туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап түрінде электрондық құжат нысанында жолдайды.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, анық емес мәліметтер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша дәлелді бас тарту түрінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту, тіркеуші органның басшысы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлғаның қолы қойылған, бас тартудың негізі көрсетілген жеке хатпен ресімделеді.

15. Егер ұсынылған құжаттар мен өтініште көрсетілген мәліметтер қолданыстағы заңнамаға сәйкес келсе, көрсетілетін қызметті беруші азаматтық хал акт жазбасын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар, өзгерістер енгізеді, күшін жояды немесе қалпына келтіреді, азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, қайталама куәлікті немесе анықтаманы жазады.

Азаматтық хал акт жазбасы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін АХАТ ТП тиісті тіркеу актісі екі данада басып шығарылады және азаматтық хал акт жазбасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жасалады. Акт жазбаларына және азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке тіркеуші органның басшысы немесе оның міндеттерін атқаратын тұлға қол қояды.

16. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Куәліктер беру" журналына (бұдан әрі - шығындар журналы) енгізіледі, содан кейін куәлік көрсетілетін қызметті алушыға беріледі немесе Мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

17. Порталға жүгінген кезде азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап түрінде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті

алушыға көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Сондай-ақ, порталға жүгінген кезде азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік түріндегі мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы өтініште көрсетілген Мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, анықтама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап түрінде көрсетілетін қызметті алушыға береді немесе Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Неке (ерлі-зайыптылықты) қию, ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде неке (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы алғашқы рет берілетін куәлік, баланың ата-анасының бірлескен өтініші негізінде әкелік (аналық) анықталғаннан кейін берілетін алғашқы немесе қайталама туу туралы куәлікті қоспағанда, азаматтық хал актілерін мемлекеттік туралы куәліктер мен анықтамалар мемлекеттік қызметті алушының қалауы бойынша өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жеріне пошта байланысы арқылы жолданады.

18. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде, жеке куәлік (немесе өкілдің тиісті өкілеттіктерін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі) ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация құжаттарды 1 (бір) айда сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды әрі қарай сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) айдан кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның өтініші бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға жеткізу үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

2-тарау. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу, әке (ана) болуды анықтауға, ұл (қыз) баланы асырап алуға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу тәртібі

19. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ көрсетілетін ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес "Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер,

толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - туу туралы стандарты) келтірілген.

20. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін ата – аналары немесе басқа да мүдделі тұлғалар бала туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті (бұдан әрі - туу туралы өтініш) кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне немесе Мемлекеттік корпорацияға өтініш берушінің қалауы бойынша жазбаша нысанда не электрондық түрде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес береді.

Өлі туған баланы және өмірінің алғашқы аптасында шетінеген баланы мемлекеттік тіркеу тіркеуші органда бала туған немесе шетінеген кезден бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жүргізіледі және туу туралы акт жазбасының негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес өлі туғандығы туралы немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген баланың туу туралы анықтамасы беріледі.

Заңға сәйкес өтініш берушінің таңдауы бойынша проактивті қызмет арқылы баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беру талап етілмейді.

21. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде баланың тууын тіркеу үшін негіз болып табылатын туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімі жөнінде, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы және неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы (тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) болған кезде) мәліметтер көрсетіледі.

Тууды мемлекеттік тіркеу тегін көрсетіледі.

22. Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған кәмелетке толмаған баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-анасының немесе олардың біреуінің қалауы бойынша шетелдік тіркеуші органдарда тіркелгеніне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органында келесі құжаттардың бірін ұсынған кезде жүргізілуі мүмкін:

1) туу туралы куәліктің түпнұсқасы;

2) туу туралы акт жазбасының көшірмелері;

3) туу туралы медициналық куәліктің түпнұсқасы.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тууды мемлекеттік тіркеу туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы туу туралы куәліктің түпнұсқасын ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері оның көшірмесін жасайды және түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

23. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды толық толтыру фактісі анықталған жағдайда (қажет болған жағдайда) құжаттарды өңдеуге жауапты лауазымды тұлға өтінішті және қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданған өтінішті тіркейді, деректерді АХАЖ АЖ-не енгізеді.

24. Бала медициналық ұйымда туылған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда, туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады, оған анасы туралы мәліметтер өзінің сөзі бойынша жазылғаны туралы белгі қойылады.

Медициналық куәлік АХАЖ АЖ-не электронды түрде түседі.

Өтінішті көрсетілетін қызметті берушіде баланың анасы қағаз түрінде береді. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері туу туралы медициналық куәлікте және өтініште көрсетілген мәліметтерді салыстырады, одан кейін тууды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті өтініш журналында тіркейді.

Егер ақпарат сәйкес келсе, өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде туу туралы куәлік беріледі.

Егер ананың өтінішінде көрсетілген мәліметтер медициналық туу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмесе, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

25. Екі және одан да көп баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде олардың әрқайсысына электрондық түрде туу туралы медициналық куәліктер беріледі, олардың негізінде бір-бірінен кейінгі туу туралы жеке акт жазбалар жасалады және балаларға жеке туу туралы куәліктер беріледі.

26. Бір жасқа дейінгі баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасы ағымдағы тууды тіркеу кітабында жүргізіледі.

27. Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган осы Қағидаларға 7 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының (бұдан әрі-қорытынды) негізінде жүргізеді.

28. Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін туу туралы стандарттың 8-тармағында көзделген қажетті құжаттар тізбесі негізінде өтініш жасаған кезде, тіркеудің мерзімі өткені туралы материал жасалады, тіркеуші органның басшысы бір данада қорытынды бекітеді, ол тіркеуші органда сақталады, содан кейін "қалпына келтірілген" санатында туу туралы акт жазбасы тіркеледі және баланың туу туралы куәлігі беріледі.

Осы Ереженің 22-тармағына сәйкес баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде туу туралы куәлік қалпына келтірілгеннен кейін, Қазақстан Республикасында туу тіркеу жасалғаны туралы хабарлама бастапқы туу туралы куәлік берілген жердегі тіркеуші органға жіберіледі (Қазақстаннан тыс жердегі тіркеуші органдарында алғашқы тууы тіркелген жағдайда).

29. Әке (ана) болуды анықтау кезінде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушы туу туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып:

баланың ата-анасы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бірлескен өтініші негізінде қалауы бойынша кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде әке (ана) болуды анықтау туралы баланың ата-анасы;

өзін баланың әкесі деп таныған тұлға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес қалауы бойынша кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде анасы қайтыс болған, анасы қайтыс болды деп жарияланған, анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылған, анасы әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасы ата-ана құқықтарынан айырылған не оның ата-ана құқықтары шектелген, анасының тұрғылықты жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда әке (ана) болуды анықтау туралы өзін баланың әкесі деп таныған тұлға;

баланың анасы немесе басқа да мүдделі тұлғалар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес қалауы бойынша кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде соттың әке болуды анықтау, сондай-ақ әке болуды тану фактісін және әке болу фактісін анықтау туралы шешімі негізінде өтінішпен жүгінеді.

30. Егер өтініш беруші сотпен әрекетке қабілетсіз деп таныған адам, сондай-ақ осы әрекетке қабілетсіз адамның қорғаншысы болып табылса, баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізуден бас тартылады.

31. Егер баланың тууы туралы акт жазбасында белгілі бір адам әке болып көрсетілсе, сондай-ақ ұсынылған құжаттар Кодекстің талаптарына сәйкес

келмесе, тіркеуші орган әке (ана) анықталған кезде тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізуден бас тартады.

Бұл жағдайда тіркеуші орган баланың туу туралы акт жазбасы бойынша әкесі туралы бұрын енгізілген мәліметтердің негіздемесін тексереді.

1) егер әке болу белгіленетін баланың анасы тіркелген некеде тұрса (ерлі-зайыптылықта);

2) егер баланың анасы тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмаған болса, ал туу туралы куәлікте тегі анасының тегіне сәйкес келмейтін баланың әкесі көрсетілсе тексеру жүргізіледі.

32. Егер туу туралы акт жазба басқа тіркеуші органда болса, ол АХАЖ АЖ-нен басып шығарылады. Туу туралы куәлікте және АХАЖ АЖ-да көрсетілген деректер сәйкес келмеген жағдайда, жеткілікті негіздер бар болса, туу туралы акт жазбасына түзетулер енгізіледі.

33. Егер тууды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркеуші органда жүргізілсе, Қазақстан Республикасы ратификациялаған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы конвенцияларға және басқа да халықаралық шарттарға сәйкес не Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы пошта байланысы арқылы акт жазбасының көшірмесіне тиісті сұрау салу жіберіледі.

Туу туралы акт жазбасының көшірмесі талап етілгені туралы өтініш берушілерге (өтініш берушіге) хабарланады. Туу туралы акт жазбасының көшірмесі келіп түскеннен кейін әке (ана) болуды анықтау туралы өтініш негізінде әке (ана) болуды анықтау күні тағайындалады.

34. Тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу үшін әке (ана) болуды анықтау туралы өтінішке баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (баланың тууын мемлекеттік тіркеуге және әке болуды анықтау туралы өтінішті бір мезгілде беруді қоспағанда) қоса беріледі.

35. Егер шетелдік тіркеуші органдарда тіркелуіне қарамастан, ата-анасының немесе олардың біреуінің қалауы бойынша кәмелетке толмаған баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының тіркеуші органында жүргізілсе, әке (ана) болуды анықтау туралы өтініш келіп түскен кезде тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына Қазақстан Республикасынан тыс жердегі тіркеуші органда сұрау салусыз өзгерістер, толықтырулар енгізілуі мүмкін.

36. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды (қажет болған жағдайда) толық толтыру фактісі анықталған жағдайда құжаттарды өңдеуге жауапты лауазымды тұлға өтінішті және қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған өтінішті тіркейді, деректерді АХАЖ АЖ-не енгізеді.

37. Тууды мемлекеттік тіркеу және әкелікті (аналықты) анықтау үшін өтініш бір мезгілде берілген кезде АХАЖ АЖ-да анасының тегі бойынша баланың туу туралы акт жазбасы тіркеледі, одан кейін өзгерістер, толықтырулар енгізіледі, туу туралы акт жазбалары екі данада басып шығарылады, туу туралы куәлік қалыптастырылады.

38. Егер әке (ана) болуды анықтау туралы өтініш келіп түскен кезде баланың тууын мемлекеттік тіркелген болса, әке (ана) болуды анықтау туралы келіп түскен өтініш негізінде тіркеуші орган сол күні баланың туу туралы акт жазбасына әкесі туралы мәліметтерді және осыған байланысты өзгерістерді, толықтыруларды енгізеді және туу туралы қайталама куәлік береді.

39. Өзгерістер, толықтырулар енгізілгеннен кейін тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға (егер тууды мемлекеттік тіркеу басқа тіркеуші органда жүргізілсе), облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына туу туралы акт жазбасына тиісті өзгерістер енгізу үшін хабарлама жіберіледі.

40. Алынған хабарламаның негізінде қағаз түріндегі туу туралы акт жазбасына қажетті өзгерістер, толықтырулар енгізіледі.

41. Әке болуды анықтау тиісті соттың шешімімен күші жойылған жағдайда тіркеуші орган әкесі туралы мәліметтердің және баланың тиісті деректерін (тегі әкесінің тегі бойынша немесе әкесінің (атасының) аты бойынша, сондай-ақ әкесінің атын әкесінің аты бойынша) күшін жояды.

42. Әке болуды анықтау туралы бұрын шығарылған сот шешімінің күшін жою туралы сот ұйғарымын (қаулысын), сондай-ақ әке болуды анықтау туралы акт жазбасының күшін жою туралы, жазбаны жарамсыз деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімін алған кезде әке болуды анықтау туралы акт жазбасы (бар болған кезде), не туу туралы акт жазбасындағы әке болуды анықтау туралы арыз негізінде енгізілген әкесі туралы мәліметтер, баланың тегі мен/немесе әкесінің аты (егер өзгертілген болса) сызылып тасталады, оның беткі жоғарғы жағында: "әкесі туралы жазба жойылған", ал "белгілер үшін" бағанында шешімді қашан және қандай соттың шығарғаны туралы белгі қойылады.

43. Әке болуды анықтау туралы акт жазбасы (бар болса) немесе әке болуды анықтау туралы өтініш негізінде туу туралы акт жазбасына енгізілген әкесі туралы мәліметтер, баланың тегі және/немесе әкесінің аты (егер өзгертілген болса) жойылғаннан кейін, баланың бастапқы деректерін қалпына келтіру жүргізіледі (баланың тегі, егер әке болуды анықтауға байланысты өзгертілген болса, сондай-ақ оның әкесінің аты және әкесі туралы мәліметтер).

44. Әке болуды анықтау туралы акт жазбасының (бар болған кезде) не әке болуды анықтау туралы өтініш негізінде енгізілген туу туралы акт жазбасындағы әкесі, тегі мен/немесе әкесінің аты (егер өзгертілген болса) туралы мәліметтердің күшін жойылғаны туралы, баланың бастапқы деректерін қалпына келтіргені туралы тіркеуші орган тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға (егер тууды мемлекеттік тіркеу басқа тіркеуші органда жүргізілсе), облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына хабарлайды, олар осындай тәртіппен мұрағаттық жазбаларын немесе мәліметтерді жоюды жүргізеді.

45. Әке болуды анықтау туралы міліметтер жойылған кезде тіркеуші орган қажет болған жағдайда баланың анасына осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес туу туралы анықтама береді.

46. АХАЖ АЖ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыруы болған жағдайда ақпарат электрондық форматта беріледі.

47. Бала (қыз) асырап алуға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу үшін өтініш беруші кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне қалауы бойынша жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде туу туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес өтініш береді.

48. Бала (қыз) асырап алуға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар енгізу туралы өтінішті алған кезде лауазымды адам өтініш нысанының және оған қоса берілетін құжаттардың дұрыс толтырылуына, сондай-ақ баланың туу туралы акт жазбасының болуына тексеру жүргізеді.

49. Бала (қыз) асырап алуға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар енгізу баланың тууын тіркегеннен немесе жоғалған туу туралы акт жазбасын қалпына келтіргеннен кейін ғана жүргізіледі.

Жоғалған жазбаны қалпына келтіру туралы өтінішпен тіркеуші органға баланы асырап алған адамдар, ата-ана (егер сот шешімі бойынша балаға қатысты оның құқықтары мен міндеттері сақталса), қорғаншы және қамқоршы орган, он алты жасқа толған асырап алынған адамның өзі, сондай-ақ бала тәрбиесінде жүрген тұлғалар мен мекемелер жүгінеді.

50. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға деректерді АХАЖ АЖ-не 1 (бір) жұмыс күні ішінде енгізеді.

51. Асырап алынған баланың аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген кезде), тегі, сондай-ақ оның ата-аналары туралы деректер бала асырап алу туралы сот шешіміне сәйкес енгізіледі.

52. Егер асырап алынған бала (қыз) туралы немесе бала асырап алушылар туралы мәліметтер олардың жеке басын куәландыратын құжаттарында, баланың туу туралы куәлігінде және бала асырап алу туралы сот шешімінде көрсетілген мәліметтер бір-біріне сәйкес келмесе, тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына бала асырап алуға байланысты өзгерістер, толықтырулар енгізу осы мәліметтер нақтыланғанға дейін кейінге қалдырылады.

53. Егер бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімінде асырап алынған баланың атын, әкесінің атын, тегін, туған жері мен туған күнін өзгерту және бала асырап алушылардың ата-анасы ретінде енгізу туралы көрсетілмесе, онда асырап алынған баланың туу туралы акт жазбасына соттың тиісті шешімі туралы мәліметтер енгізіледі.

Егер бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімі бойынша дербес деректер, баланың туған күні және/немесе жері өзгерсе, онда туу туралы акт жазбасы қалпына келтіріледі және жаңа ЖСН қалыптастырылады.

54. Егер асырап алынған баланың ата-анасы ретінде сот шешімі бойынша бала асырап алушылар жазылса, алайда баланың дербес деректері өзгертілмесе, баланың туу туралы куәлігін беру кезінде ата-аналар бағанындағы мәліметтер ғана өзгертіледі.

55. Бала (қыз) асырап алушы тек әйел (ер адам) ғана болған жағдайда және бала (қыз) асырап алу туралы сот шешімінде баланың әкесі (анасы) осы балаға қатысты құқықтар мен міндеттердің сақталатыны көрсетілген жағдайда, әкесі (анасы) туралы мәліметтер туу туралы акт жазбасына бастапқы акт жазбасына сәйкес енгізіледі.

56. Егер баланың әкесінде оның құқықтары мен міндеттері сақталмаса не туу туралы акт жазбасындағы әкесі туралы мәліметтер болмаса, онда бала асырап алушының жазбаша өтініші бойынша әкесі туралы мәліметтерді тіркеуші орган Кодекстің 192-бабы 4-тармағы 2) тармақшасында көзделген тәртіппен көрсетеді.

57. Баланың анасында оның құқықтары мен міндеттері сақталмаған немесе анасы туралы бастапқы мәлімет баланың туу туралы куәлігіне енгізілген жағдайда, онда ол мәліметтерді тіркеуші орган соттың шешіміне сәйкес баланың әкесі деп жазылған ұл (қыз) бала асырап алушы ер адамның жазбаша өтініші бойынша қалпына келтірілген акті жазбасына енгізеді. Мұндай жағдайларда анасының тегі ұл (қыз) бала асырап алушы ер адамның тегі бойынша, ал оның

есімі, әкесінің есімі және ұлты қорытынды жасамай-ақ оның көрсетуі бойынша жазылады.

58. Тіркеуші орган тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) баланың анасы ретінде жазылған әйелдің баланы асырап алуына байланысты өзгерістер, толықтырулар енгізу кезінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес туу туралы анықтаманы жазбаша нысанда не электрондық түрде береді.

59. Қалпына келтірілген туу туралы акт жазбасының "белгілер үшін" бағанында бала асырап алу туралы сот шешімі (соттың атауы, сот шешімінің шығарылған және заңды күшіне енген күні) көрсетіледі.

60. Бала асырап алушыларға асырап алынған ұл (қыз) баланың туу туралы жаңа куәлігі беріледі, ал бұрынғы куәліктің күші жойылады.

61. Сот бала асырап алу туралы бұрын шығарылған шешімге қосымша жаңа қосымша шешім шығарған жағдайда, оған сәйкес бала асырап алушылар асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылады не баланың аты, әкесінің аты, тегі, оның туған күні мен жері өзгертіледі, тіркеуші орган бұрын жасалған асырап алынған баланың туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізеді.

62. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану, сондай-ақ бала асырап алудың күшін жою тек сот тәртібімен жүргізіледі.

63. Тіркеуші органға бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі келіп түскен кезде туу туралы актінің қалпына келтірілген жазбасы бұл туралы "жазба жойылды"деген белгі қою арқылы жойылады.

64. Бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда тіркеуші орган баланың бастапқы ЖСН Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайды.

3-тарау. Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу тәртібі

65. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - неке қию туралы стандарт) келтірілген.

66. Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу үшін өтініш берушілер осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне жазбаша нысанда не портал

арқылы электрондық түрде стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, неке қию туралы өтініш береді.

Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы өтінішті әрбір өтініш беруші өз қолымен жазбаша түрде толтырады немесе портал арқылы өтініш берген кезде электрондық түрде некеге тұратын адамдар электрондық – цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі-ЭЦҚ) қол қояды.

67. Өтінішті қабылдау кезінде тіркеуші орган неке жасасуға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамдарға оны тіркеудің тәртібі мен шарттарын, олардың болашақ ерлі-зайыптылар мен ата-аналар ретіндегі құқықтары мен міндеттерін, екі жақты келісім бойынша медициналық тексеру жүргізу құқығы туралы, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың некеде (ерлі-зайыптылықта) және ол бұзылған жағдайда мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын неке шартын жасасу құқығы туралы түсіндіреді.

68. Бұрын тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) болған адамдар тіркеуші органға оның тоқтатылғаны туралы белгісі бар алдыңғы некеге тұру туралы (тіркелген күні мен орны) мәліметтерді ұсынады.

Некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамның алдыңғы некесінде (ерлі-зайыпты болуында) оның тоқтатылғаны туралы тиісті белгісі болмаған жағдайда тіркеуші органға алдыңғы некенің тоқтатылғаны туралы: Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген (шығарылған) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, жұбайының қайтыс болуы туралы акт жазба жөнінде (тіркелген күні мен орны) немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, некені жарамсыз деп тану, ерлі-зайыптылардың бірінің қайтыс болды деп жариялауы немесе хабарсыз кетті деп тануы туралы заңды күшіне енген сот шешімі жөнінде (шешімнің шығарылған күні мен орны, заңды күшіне енген күні) мәліметті хабарлайды.

Тіркеуші органның қызметкері тиісті ақпаратты алғаннан кейін неке (ерлі-зайыптылықты) қию, бұзу туралы, жұбайының қайтыс болуы туралы акт жазбаларының бар-жоғына не неке қию туралы акт жазбасында сот шешімі негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгінің бар-жоғына тіркеуші органының мұрағатында тексеру жүргізеді.

Алдыңғы неке (ерлі-зайыптылық) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тоқтатылқан немесе бұзылған кезде көрсетілетін қызметті алушы неке қию туралы стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес бұрынғы некені тоқтату немесе бұзу фактісін растайтын құжаттарды ұсынады.

69. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамдардың келісімі бойынша тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу күнін

тағайындайды, бұл туралы өтініште, сондай-ақ өтініштерді есепке алу журналында белгі қойылады. Неке (ерлі-зайыптылық) некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген тұлғалардың қатысуымен некеге тұру (ерлі-зайыптылық) туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін тіркеледі. Мерзімнің өтуі өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдың тиісті күні бітеді. Егер осы күн жұмыс күні болмаса, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлескен өтініші бойынша тиісті құжаттармен расталған (дәрігерлік-біліктілік комиссиясының жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын анықтамалар) дәлелді себептер (жүктілік, баланың тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде тіркеуші органның бастығы неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша бір ай өткенге дейін некені қиюға (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат етеді не бұл мерзімді ұзартады, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс

Жекелеген жағдайларда неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді күту мерзімі неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуге кедергі келтіретін мән-жайлар болған кезде ғана тіркеуші органның бастамасы бойынша ұзартылуы мүмкін.

Айлық мерзімді қысқарту немесе ұзарту туралы рұқсатты тіркеуші органның бастығы, ал ол болмаған кезде - оның міндетін атқарушы тұлға некеге тұру (ерлі-зайыпты болу) туралы арызға бұрыштама түрінде береді.

70. Некеге тұруға ниет білдірген адамдар неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеудің белгіленген күні жеке басын куәландыратын құжатпен тіркеуші органға келуі қажет.

Егер некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер дәлелді себептермен белгіленген күні тіркеуші органға келе алмаса, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу мерзімі олардың өтініші бойынша басқа уақытқа ауыстырылады. Белгіленген күні некеге (ерлі-зайыптылыққа) отыратын адамдар не олардың біреуі дәлелсіз себептермен келмеген және некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу мерзімін ұзарта отырып, өтініш туралы арыз болмаған жағдайда өтініш жойылуға тиіс.

71. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тегін басқа жұбайдың тегіне өзгертуге тілек білдірген жұбайға неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында ортақ тегі ретінде таңдап алынған тегі көрсетіледі.

Егер жеке басын куәландыратын құжатта жұбайының немесе зайыбының тегі ұлттық дәстүрлерге (ерекшеліктеріне) сәйкес көрсетілсе, неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында жұбайының (зайыбының) тегі өзгерген кезде әр түрлі ұлт адамдарының тегі оның жынысына және жұбайының (зайыбының) тегінің тамыр негізін сақтай отырып, тегін дұрыс жазуға сәйкес айқындалады.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде тегі өзгерген жағдайда азамат бір ай мерзімде жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруы қажет.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың тегі өзгерген кезде тіркеуші органның қызметкері шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес азаматы болып табылатын елдің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұратын мемлекетінің құзыретті органдары берген оның жеке басын куәландыратын құжатты ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

72. Неке жасына толмаған тұлғалардың неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуге тіркеуші органның осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы қорытындысы немесе бас тарту негізінде жол беріледі.

Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтінішті осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттілігін туғызатын себептерді көрсете отырып, ата-аналар не қорғаншылар (қамқоршылар) береді.

Барлық жағдайларда неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуге тек некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың келісімімен ғана жол беріледі. Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасындағы некеге (ерлі-зайыпты болуға) ата-анасының не қамқоршыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Өтінішке неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету себептерін растайтын құжаттар (дәрігерлік-біліктілік комиссиясының жүктілік туралы анықтамасы) қоса беріледі. Кәмелетке толмаған тұлғаның (олардың) ата-анасының және кәмелетке толмаған азаматтардың өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттары жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық хал актілерін тіркеуді растайтын мәліметтері (баланың тууы, әкелікті анықтау туралы, кәмелетке толмаған ата-анасының тууы туралы, кәмелетке толмаған тұлғалардың ата-анасының неке (ерлі-зайыптылықты) қию/ бұзу туралы) АХАЖ АЖ-да тексеріледі.

73. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша тіркеуші орган неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы не бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4-тарау. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу мемлекеттік тіркеу тәртібі

74. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес "Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - некені(ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы стандарт) келтірілген.

75. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік даулар мен өзге де талаптары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін өтініш берушілер осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш береді.

76. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініште ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзідерінің өзара келісімін және кәмелетке толмаған балалардың жоқтығын растайды. Деректер сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасындағы ерлі-зайыптылардың қолдарымен расталады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзушылардың өздері қатысқан кезде жүргізеді.

Мерзімнің өтуі өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдың тиісті күнінде бітеді. Егер бұл күн жұмыс күніне тура келмесе, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі. Айлық мерзімнің қысқартылуы мүмкін емес.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғысы келетін ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін белгіленген күні жеке басын куәландыратын құжатпен тіркеуші органға келуі қажет. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша

лауазымды тұлға деректерді АХАЖ АЖ-не өтініш берілген күннен бастап 1 (бір) ай өткеннен кейін ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен енгізеді.

Егер ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін өздеріне белгіленген күні тіркеуші органға келе алмаса, олар тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтінішпен қайтадан жүгіне алады, ол некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін қайтадан айлық мерзімді тағайындайды.

77. Егер арыз берілген кезде ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары, олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылатын мүлікті бөлу туралы, еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайына асырауды төлеу туралы дау және ерлі-зайыптылар бір-біріне өзге де талаптар болса некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу үшін сотқа жүгінеді.

78. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің әрекеттерімен не әрекетсіздігімен қарсылығының болмауына қарамастан, тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарса (тиісті өтініш беруден бас тартса немесе оны тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін келгісі келмесе және бұл ретте некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу туралы өтініш жасамаса) некені бұзу сот тәртібімен жүргізіледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу үшін жұбайы келмеген кезде тіркеуші орган сотқа ұсыну үшін анықтама береді.

79. Жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің, қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне немесе Мемлекеттік корпорацияға жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш береді.

80. Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде шығарылған, консулдық заңдастырылуы не арнайы мөртабаны (апостиль) бар (Минск және Кишинев Конвенциясына кіретін елдер үшін талап етілмейді) некені (ерлі-зайыпты болуды) бұзу туралы заңды күшіне енген сот шешімімен жүгінген жағдайда неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгі қойылады.

81. Егер ерлі-зайыптылардың біріне қатысты некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу жүргізілген жағдайда, екінші жұбайдан келіп түскен өтініш тіркеледі, акт жазбасы жетіспейтін мәліметтермен толықтырылады және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік беріледі.

82. Хабар-ошарсыз кетті деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғамен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш түскен жағдайда тіркеуші орган өтініш түскен күннен бастап бір апта мерзімде әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысының тұрғылықты жері бойынша немесе сотталған тұлғаның ұстау жері бойынша хабарлама жібереді. Хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысы немесе сотталған некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш бойынша даудың бар не жоқ екендігі туралы жазбаша хабарлайды.

83. Тіркеуші орган өтініш берушіге тиісті хабарламаның жіберілгені туралы, сондай-ақ хабарламаға жауап алу үшін белгіленген мерзім туралы хабарлайды.

84. Хабарламаға жауап болмаған, дау жоқ екендігі немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан бас тартқаны туралы хабарлама алған кезде, тіркеуші орган өтініш берушінің қатысуымен белгіленген күні некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді.

85. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы деректерді АХАЖ АЖ-не өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн өткен соң енгізеді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркегеннен кейін тіркеуші орган АХАЖ АЖ-да неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгі қояды.

86. Егер некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу ерлі-зайыптылардың біріне қатысты жүргізілсе, акт жазбасын жасау кезінде оған осы жұбайға қатысты барлық қажетті мәліметтер енгізіледі.

Екінші жұбайға қатысты аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейінгі тегі және оның туған күні, сондай-ақ, егер оның ЖСН бойынша сәйкестендіру жүргізілсе, өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Бұл жағдайда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікте некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаннан кейінгі тегі тек некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеген жұбайға ғана беріледі.

87. Әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған тұлғаның қорғаншысынан немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаның қорғаншысынан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш келіп түскен кезде оның жұбайының (зайыбының) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініші негізіне тіркелген некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасын жетіспейтін мәліметтермен толықтырылады, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік жазылады және қорғаншысына немесе сотталған адамды ұстау орны бойынша мекемеге жіберіледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасы болмаған кезде әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған тұлғаның қорғаншысы немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған тұлға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу үшін сотқа жүгінеді.

88. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің негізінде 2019 жылғы 10 желтоқсаннан кейін шығарылған (Кодекске өзгерістер енгізілген күні) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасы тіркелмейді, неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы акт жазбасына (егер ол автомоттық түрде қойылмаса) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгі қойылады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың 2019 жылғы 10 желтоқсанға дейін шығарған шешімінің негізінде кез келген тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасын тіркейді не некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы қолданыстағы акт жазбасын толықтырады және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасына міндетті түрде белгі қойылады.

89. Егер неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында некені (ерлі-зайыпты болу) бұзу туралы белгі болса, онда неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы қайталама куәліктер берілмейді.

Бұрынғы жұбайының өзінің некеге дейінгі тегін растау үшін тіркеуші орган осы тұлғаның бұрын некеде тұрғанын (ерлі-зайыпты болғанын) растайтын, осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгісі бар неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы анықтама береді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде тегі өзгерген жағдайда, азамат бір ай мерзімде жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруы қажет.

5-тарау Атын, әкесінің атын және тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу тәртібі

90. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге

қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес "Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Т.А.Ә. ауыстыру туралы стандарт) келтірілген.

91. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне немесе Мемлекеттік корпорацияға қалауы бойынша жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес Т.А.Ә. ауыстыру туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш береді.

92. Егер азаматтық хал акт жазбасы жоғалған жағдайда, онда атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу Кодексте белгіленген тәртіппен ол қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

93. Егер атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішпен бір мезгілде ұсынылған құжаттарда және азаматтық хал акт жазбаларының көшірмелерінде мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда, мұндай сәйкессіздіктер Кодексте белгіленген тәртіппен жойылады.

94. Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері азаматтық хал акт жазбасында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеген не АХАЖ АЖ-да азаматтық хал акт жазбасы болмаған кезде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.

Мұндай жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы азаматтық хал акт жазбасын қалпына келтіру, өзгерістер, толықтырулар немесе түзетулер енгізу туралы тиісті өтінішпен жүгінеді.

95. Азаматтық хал актісі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген жағдайда тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы мәселені дұрыс шешу және өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу үшін азаматтық хал акт жазбаларының көшірмелерін талап ету қажет.

96. Ұсынылған құжаттардың, сондай-ақ тексеру нәтижелерінің негізінде өтінішті қабылдаған тіркеуші орган атын, әкесінің атын, тегін ауыстырудың негізділігі баяндалатын көрсетілген Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды жасайды.

97. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы қорытынды бір данада жасалады, тіркеуші органның елтаңбалы мөрімен және лауазымды адамының қолымен бекітіледі.

98. Қорытынды бекітілгеннен кейін тіркеуші органның лауазымды тұлғасы атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркеуді жүргізеді және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік береді.

99. Тіркеуші орган атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру туралы акт жазбасын тіркегеннен кейін АХАЖ АЖ-ға туу туралы акт жазбасына (қажет болған жағдайда) тиісті өзгерістер енгізеді, туу туралы куәлікті қалыптастырады және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгерістер енгізу үшін туу туралы акт жазбасының орналасқан жері бойынша тіркеуші органға (бірінші (қажет болған жағдайда) және/немесе екінші данасына) хабарлама жібереді.

100. Туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізу хабарлама түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жүргізіледі.

101. Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша тіркеуші орган осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініштерді қабылдайды, неке (ерлі-зайыптылықты) қию, бұзу, кәмелет жасқа толмаған балалардың туу туралы акт жазбаларына тиісті өзгерістер енгізеді, тиісті куәліктерді қалыптастырады және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгерістер енгізу үшін акт жазбаларының орналасқан жері бойынша тіркеуші органға (бірінші (қажет болған жағдайда) және/немесе екінші данасына) хабарлама жібереді.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркегеннен және растайтын құжаттарды (атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік, туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізілген жағдайда - туу туралы куәлік) алғаннан кейін азамат бір ай мерзімінде жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруы қажет.

6-тарау. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу тәртібі

102. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес "Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - қайтыс болу туралы стандарт) келтірілген.

103. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін қайтыс болған адамның жақын туыстары, оның мұрагерлері тобына кіретін басқа да тұлғалар, қайтыс болған тұлғамен бірге тұрған адамдар, көршілері кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне немесе Мемлекеттік корпорацияға қалауы бойынша жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде осы

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болу туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, қайтыс болуды тіркеу туралы өтініш береді.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар болмаған жағдайда қайтыс болу туралы өтінішхатпен тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері, қайтыс болған адам ұсталған не адам қайтыс болған ұйым әкімшілігі немесе мәйітті тапқан ішкі істер органы жүгіне алады.

104. Егер өтініш беруге уәкілетті тұлғалар медициналық ұйым белгіленген нысандағы құжатты берген, қайтыс болу фактісін анықтау немесе тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күн ішінде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш бермеген жағдайда, қайтыс болған жері бойынша тіркеуші орган қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін АХАЖ АЖ-ға келіп түскен негізге сәйкес қайтыс болуды мемлекеттік тіркеуді өз бетімен жүргізеді.

105. Тұлғалардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу кезінде АХАЖ АЖ-ға келіп түскен мәліметтерге сәйкес қайтыс болу туралы акт жазбасына қайтыс болу туралы медициналық куәлікте, қайтыс болу фактісін анықтау туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінде қамтылған қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті мәліметтер ғана енгізіледі. Қайтыс болу туралы куәлік басылып шығарылмайды.

Қайтыс болған адамның жақын туыстары, оның мұрагерлерінің шеңберіне кіретін басқа да тұлғалар жүгінген кезде қайтыс болған тұлға туралы жетіспейтін мәліметтер қайтыс болғаны туралы акт жазбасына енгізіледі және қайтыс болғаны туралы куәлік беріледі.

106. Қайтыс болу мемлекеттік тіркелгеннен кейін қайтыс болған адамның мұрагерлерінің аясына кіретін жақын туыстарына, басқа адамдарға не қайтыс болған адам қамқорлықтарында болған азаматтарға, сондай-ақ қайтыс болған адам тұрған немесе жазасын өтеген мемлекеттік ұйымдар әкімшілігінің өкілдеріне, басқа туыстарына - мұрагерлік іс қарауында жатқан нотариустың хабарламасы бойынша қайтыс болу туралы куәлік беріледі.

Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуы туралы куәлік қайтыс болу туралы акт жазбасына барлық қажетті мәліметтер енгізілгеннен кейін ғана беріледі.

107. Қайтыс болған адамның жақын туыстарының, оның мұрагерлерінің шеңберіне кіретін басқа да адамдардың өтініші бойынша қорытынды жасалмай, қайтыс болғаны туралы акт жазбасына өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізіледі.

108. "Белгілер үшін" бағанында өтініш берушінің туыстық дәрежесін немесе Кодекстің 273-бабында көрсетілген адамдардың санатын, сондай-ақ Кодекстің 270-бабына сәйкес кейін тиісті органдарға жіберілетін қайтыс болған адамның жеке басын куәландыратын құжаты мен әскери билеті туралы және оларды алғаны туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

109. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің негізінде жүргізілген жағдайда, ол қайтыс болған күні қайтыс болу туралы акт жазбасында сот шешімінің заңды күшіне енген күні немесе сот шешімімен белгіленген күн көрсетіледі.

8-тарау. Азаматтық хал акт жазбаларын қалпына келтіру тәртібі

110. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру" мемлекеттік қызмет стандартында (бұдан әрі - жазбаларды қалпына келтіру туралы стандарт) келтірілген.

111. Азаматтық хал актісінің жазбасын қалпына келтіру үшін көрсетілетін қызметті алушы кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне не Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, жазбаларды қалпына келтіру туралы стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, жазбаны қалпына келтіру туралы өтінішпен жүгінеді.

112. Ұсынылған құжаттар мен тексеру нәтижелері негізінде тіркеуші орган осы Ережеге 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру туралы немесе одан бас тарту туралы қорытынды жасайды.

Қорытынды бір данада жасалады, елтаңбалы мөрмен және тіркеуші органның лауазымды адамының қолымен бекітіледі.

113. Сот шешімінің негізінде азаматтық хал актілері жазбасын қалпына келтіру үшін көрсетілетін қызметті алушы кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне не Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, жазбаларды қалпына келтіру туралы

стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, жазбаны қалпына келтіру туралы өтінішпен жүгінеді.

114. Азаматтық хал актісін тіркеу фактісі сот тәртібімен анықталған кезде тіркеуші орган сот шешімі негізінде қорытынды жасамай азаматтық хал акт жазбасын тіркеуді жүргізеді.

115. Азаматтық хал актілерін қалпына келтіру туралы жазба (туудан басқа) ағымдағы тіркеу кітабында, ал қалпына келтірілген туу туралы жазбаны тіркеу қалпына келтірілген туу туралы актілерді тіркеу кітабында жүргізіледі.

116. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбаларын қалпына келтіру туралы өтінішті шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне береді.

117. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіруді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің өтініші бойынша кез келген тіркеуші орган жүргізеді.

118. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру Кодекске сәйкес жүргізіледі.

119.Тарихи отанына қайтып оралған адамдарға қатысты туу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру жеткілікті негіздер болған кезде және осы фактіні құжаттамалық растау (акт жазбасының жоқтығы (жоғалғаны) туралы анықтама немесе хабарлама) немесе ішкі істер органдарының осы адамдардың Қазақстан Республикасына заңды келуі туралы растауы және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтініші болған кезде ғана жүргізіледі.

120. Тарихи отанына оралған Қазақстан Республикасы азаматтарының ата-аналары, сондай-ақ отбасы мүшелері туралы растайтын ақпаратты тіркеуші органдардың сұрау салуы бойынша ішкі істер органдары береді.

9-тарау. Азаматтық хал акт жазбаларын жою тәртібі

121. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - жазбаларды жою туралы стандарт) келтірілген.

122. Азаматтық хал актісі жазбасының күшін жою үшін көрсетілетін қызметті алушы кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне не Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе электрондық түрде портал арқылы осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, жазбалардың күшін жою туралы стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, жазбаны жою туралы өтінішпен жүгінеді.

123. Бастапқы, қалпына келтірілген немесе қайта жасалған жазбаны тапқан немесе мүдделі адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою туралы өтінішін алған тіркеуші орган акт жазбаларының тиісті көшірмелерін жинайды және бір данада қорытынды жасайды, ол осы Ереженің 33-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеуші органның елтаңбалы мөрімен және лауазымды адамының қолымен бекітіледі.

124. Сот шешімі негізінде азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою үшін көрсетілетін қызметті алушы кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне не Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе электрондық түрде портал арқылы осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаларды жою туралы стандарттың 8 - тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, жазбаны жою туралы өтінішпен жүгінеді.

125. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жоюды сот шешімі негізінде тіркеуші орган қорытынды жасамай жүргізеді.

126. Күші жойылғанға дейін берілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер алынады және жойылады. Куәлік болмаған жағдайда бұл туралы өтініште көрсетіледі.

127. Азаматтық хал актісі жазбасының күшін жою туралы өтініші бойынша азаматтық хал актісі тіркелген адамдарға, тіркеуші органға (жазба басқа жерде тіркелсе), сонымен қатар аумақтылығы бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) әділет органына хабарланады.

128. Қалпына келтірілген немесе қайта жасалған азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жою туралы өтінішті шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне береді.

129. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жоюды, күші жойылуға жататын жазбаның орналасқан жері бойынша тіркеуші орган, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің тіркеуші органға жіберілетін өтініші бойынша жалпы тәртіппен жүргізеді.

130. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың азаматтық хал акт жазбаларының күшін жою Кодексе сәйкес жүргізіледі.

10-тарау. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктерді, анықтамаларды және акт жазбалардың көшірмелерін беру тәртібі

131. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет стандартында (бұдан әрі - қайталама куәліктер мен анықтамалар бойынша стандарт) келтірілген.

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәлікті немесе анықтаманы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайталама куәлік немесе анықтама түріне сәйкес қайталама куәліктер мен анықтамалар бойынша стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді.

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерді немесе анықтамаларды кез келген тіркеуші орган азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу орнына қарамастан береді.

132. Бастапқы куәлік жоғалған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, сондай – ақ енгізілген өзгерістерге, толықтыруларға және түзетулерге байланысты мұрағаттық акт жазбасының негізінде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәлік (бұдан әрі - қайталама куәлік) беріледі.

Қайталама куәліктер актілік жазбалармен нақты сәйкестендіріліп жазылады. Жергілікті жердің атауы сол кезде болған әкімшілік-аумақтық бөлініске нақты сәйкестендіріліп көрсетіледі, ал тіркеуші орны мен беру орны– қазіргі кездегі әкімшілік бөлініс бойынша тіркеуші органмен көрсетіледі.

Егер актілік жазбада ұлты, азаматтығы туралы мәліметтер болмаса, берілетін қайта куәліктердің тиісті бағандары толтырылмайды.

133. Қайталама куәліктер азаматтық хал актісін тіркеу туралы жазба жасалған адамдарға қатысты беріледі.

Берілетін қайталама куәліктердің бірінші бетінің жоғарғы жағында "Қайталама" деп көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес берілген сенімхаты болған кезде қайталама куәлік заңды өкіліне беріледі

134. Он алты жасқа дейінгі балалардың тууы туралы қайталама куәліктері ата-аналарына, қорғаншыларына, ұл (қыз) бала асырап алушыларға, қамқоршыларына және сол балаларды тәрбиелеп отырған балалар мекемелерінің әкімшіліктеріне беріледі, он алты жастан асқан, бірақ он сегіз жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжат алмаған балаларға ата-анасының біреуінің не қорғаншысының қатысуымен олар жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде қайталама куәліктер беріледі.

Қайтыс болу туралы қайталама куәліктер қайтыс болған адамның жақын туыстарына, оның мұрагерлер тобына кіретін басқа адамдарға беріледі.

Басқа туыстарына қайтыс болу туралы куәлік мұрагерлік ісі бар нотариустың хабарламасы бойынша беріледі.

135. Егер АХАЖ АЖ-де және тіркеуші органда акт жазба болмаса, өтініш екінші данадан тексеру үшін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына жіберіледі.

Тексеру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Аумақтық әділет органының мұрағатында жазба болған жағдайда 10 (он) күнтізбелік күн ішінде АХАЖ АЖ азаматтық хал актілері жазбасын енгізу бойынша шаралар қабылдайды.

Содан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тіркеуші орган қайта куәлік жазады.

Аумақтық әділет органының мұрағатында жазба болмаған жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде тіркеуші органға азаматтық хал акт жазбасының жоқтығы туралы хат жіберіледі. Тіркеуші орган көрсетілетін қызметті алушыға азаматтық хал акт жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш беру туралы ұсынымдармен акт жазбасының жоқтығы туралы жауап жібереді.

136. Қазақстан Республикасы ратификациялаған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы конвенциялар шеңберінде келіп түскен сұрау салулар бойынша қайталама куәліктерді жіберу пошта байланысы арқылы жүзеге асырылады.

Әскери қызметкерге қатысты қайталама куәліктер әскери бөлімнің командирының атына жолданады, бас бостандығынан айырылған тұлғаларға қатысты қайталама куәліктер түзеу-еңбек колониясының бастығының атына жолданады.

137. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер тапсырыс хаттармен жіберіледі, куәліктерді тігуге және қайта майыстыруға жол берілмейді.

138. Қайталама куәліктерді беру туралы өтініштерді тексеру АХАЖ АЖ-да жүргізіледі.

Егер АХАЖ АЖ-да мәліметтер жоқ болса, өтініште көрсетілген жыл ішінде акті (метрикалық) кітаптар бойынша жүргізіледі, сондай-ақ өтініште көрсетілген азаматтық хал актілері тіркелген жылдан бұрынғы екі және кейінгі екі жыл аралығында жүргізіледі.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеудің нақты жылы көрсетілмесе, тексеру тек АХАЖ АЖ жүзеге асырылады.

Тексеру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Тіркеуші органның мұрағатында жазба болған жағдайда 10 (он) күнтізбелік күн ішінде АХАЖ АЖ азаматтық хал актілері жазбасын енгізу бойынша шаралар қабылданады.

139. Азаматтық хал актілерін тіркеу фактісін куәландыруға тіркеуші орган азаматтық хал актілерін тіркеу түріне сәйкес осы Қағидаларға 20, 37 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу кітабындағы жазба негізінде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі-анықтама) береді.

Анықтама АХАЖ АЖ "электрондық үкімет" порталы арқылы электронды түрде беріледі.

Анықтамаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уәкілетті органдарға ұсыну қажет болған жағдайда анықтамалар қағаз түрінде беріледі. Қажет болған жағдайда және бұл туралы өтініште көрсетілсе осы анықтамалардың ескертуінде акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізу, қайталама куәліктердің беру үшін негіздері көрсетіледі. Ескертудегі мәліметтер егер олар жеке және отбасылық құпияға жатпайтын жағдайда толтырылады.

Бала асырап алушылар асырап алынған баланың ата-анасы болып табылмайтындығы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер тек бала асырап алушының немесе бала асырап алушылардың келісімімен ғана көрсетіледі.

Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы кез келген тіркеуші орган он алты жастан бастап АХАЖ АЖ-де тексеру негізінде береді.

140. Азаматтық хал актілері жазбаларының мәліметтері бар анықтамалар:

1) акт жазбасы жасалған азаматқа;

2) ата-аналарға, асырап алушыларға, қорғаншыларға және қамқоршыларға;

3) әрекетке қабілетсіз адамдардың қорғаншысы болып табылатын азаматтарға;

4) қайтыс болған адамның туыстары мен мұрагерлеріне.

Анықтамалар оның өкілеттігін растайтын азаматтардың өкілдеріне беріледі.

141. Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы акт жазбаларының көшірмелері қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар болып табылады. Азаматтарға акт жазбаларының көшірмелері берілмейді.

142. Азаматтық хал актілері жазбаларының көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері шегінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (ақпараттық жүйелері АХАЖ АЖ-мен ықпалдастырылған мемлекеттік органдарды қоспағанда), адвокатура органдарының, нотариустардың (АХАЖ АЖ-да азаматтық хал актілері жазбалары болмаған кезде) сұрау салулары бойынша, сондай-ақ басқа мемлекеттердің АХАТ органдарының (қызметтерінің) сұрау салулары бойынша ғана беріледі (жіберіледі).

143. Азаматтық хал актілері жазбаларының куәліктеріне, анықтамалар мен көшірмелеріне тіркеуші орган лауазымды тұлғасының қолы қойылады және тіркеуші органның мөрімен бекітіледі.

11-тарау. Азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу тәртібі

144. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушы кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне не Мемлекеттік корпорацияға (неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы актілер жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді қоспағанда) қалауы бойынша жазбаша түрде немесе портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (әке (ана) болуды анықтау немесе бала асырап алу кезінде өзгерістер, толықтырулар енгізуді қоспағанда), неке қию, некені бұзу, қайтыс болу және Т.А.Ә. өзгерту туралы стандарттардың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш береді.

145. Өтініш 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде қаралуға жатады.

146. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мынадай негіздерде жүргізіледі:

1) баланың тегі ата-анасының жалпы тегіне немесе ата-анасының біреуінің тегіне өзгерген кезде;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) қиюға немесе бұзуға немесе некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тануға байланысты жұбайының (зайыбының) тегі өзгерген кезде;

3) ата-анасының арасындағы некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатуға немесе некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тануға байланысты кәмелетке толмаған баланың аты, тегі, әкесінің аты өзгерген кезде;

4) дәрігерлік-біліктілік комиссияның қорытындысына сәйкес баланың жынысы өзгерген кезде;

5) некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының баланың туу туралы акт жазбасына баланың әкесі туралы мәліметтерді енгізу, сондай-ақ оның өтініші бойынша көрсетілген (көрсетіледі) баланың атын өзгерту (бұл баланың мүдделерінен туындаған кезде), әкесі туралы мәліметтерді өзгерту, толықтыру және алып тастау туралы өтініші келіп түскен кезде;

6) бала асырап алудың күшін жою немесе жарамсыз деп тану, сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы сот шешіміне байланысты;

7) туу туралы акт жазбасынан баланың әкесі немесе анасы туралы мәліметтерді алып тастау туралы сот шешіміне байланысты;

8) атын, әкесінің атын (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегін ауыстырған кезде;

9) ата-анасының тегі мен әкесінің атын ауыстыруына байланысты кәмелетке толмаған баланың әкесінің аты мен тегі өзгерген кезде;

10) азаматтық хал актілері жазбаларындағы қате мәліметтер сот тәртібімен анықталғанда;

11) әке болуды белгілеу туралы сот шешімі күшін жойғанда;

12) егер баланың туғанын тіркеу кезінде оған тегі немесе есімі ата-анасының, немесе ата-анасының біреуінің тілегін ескермей берілсе (дау болмаған жағдайда);

13) егер туу туралы акт жазбасында баланың аты толық көрсетілмесе (кішірейтіліп, еркелетіп, қысқартылып көрсетілсе);

14) жынысының өзгеруіне байланысты атын, әкесінің атын (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегін ауыстырған кезде;

15) тегі ұлттық дәстүрлер бойынша әкесінің немесе атасының атынан шыққан тегіне өзгерген кезде;

16) ұлты, азаматтығы өзгерген кезде;

17) егер азаматтық хал актісі жазбасында ата-анасының аты, әкесінің аты, тегі немесе ұлты көрсетілмесе;

18) егер азаматтық хал актілері жазбасында дұрыс емес мәліметтер көрсетілсе;

19) егер баланың мүдделерінен туындаған кезде, баланың туу туралы акт жазбасында көрсетілгеннен өзге есімі болса;

20) егер азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жеке сөздерді жіберу) жіберілсе;

21) егер неке қиылғаннан (ерлі-зайыпты болған) кейін жұбайының (зайыбының) тегін алса, туу туралы акт жазбасында әкесінің атын толықтыру

және әкесінің аты бойынша берілген тегін өзгерту, түзету қажет болған кезде жүргізіледі.

Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу осы Қағиданың 38-қосымшасында көзделген нысан бойынша 17), 18), 19), 20), 21) тармақшаларында көзделген жағдайларда тіркеуші орган жасаған өзгерістерді, қосымшаларды және түзетулерді енгізу не бас тарту туралы қорытынды негізінде жүргізіледі.

Қорытынды бір данада жасалады және тіркеуші органның елтаңбалық мөрімен және лауазымды тұлғасының қолымен бекітіледі.

147. Азаматтық хал акт жазбасына сот арқылы өзгеріс, толықтыру, түзету енгізу фактісі белгілен кезде, тіркеуші орган азаматтық хал акт жазбасына сот шешімінің негізінде қорытынды шығармай өзгеріс, толықтыру, түзету енгізеді.

148. Баланың тууын тіркегенде балаға ата-аналарының тілектері ескерілмей тегі немесе аты берілуіне байланысты, сондай-ақ егер баланың оның тууы туралы акт жазбасында көрсетілген нақты атынан басқа аты болса, ата-аналардың баланың тегін не атын өзгерту туралы өтініштерін тіркеуші органдар бала он алты жасқа толғанға дейін қабылдайды.

149. Азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер туралы тіркеуші орган акт жазбасының бірінші данасын сақтау орны бойынша тіркеуші органға және акт жазбасының екінші данасына өзгерістер енгізу үшін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына хабарлама жібереді.

Бұл ретте міндетті түрде "белгілер үшін" бағанында АХАЖ АЖ-не азаматтық хал акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болып табылатын өтініш немесе қорытынды туралы, сондай-ақ азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер туралы мәліметтер енгізіледі.

150. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініштерді шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне береді.

151. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі бекіткен қорытынды бойынша тиісті актінің тіркелген жері бойынша немесе Қазақстан

Республикасының шетелдегі мекемелерінен келіп түскен өтініш бойынша тіркеуші органдар жүргізеді.

152. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың азаматтық хал акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу Кодексе сәйкес жүргізіледі.

12-тарау. Акт кітаптарын және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілерін сақтау

153. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу акті нысандары азаматтық хал актілерінің бөлек кітаптары болып тігіледі. Кітаптың соңында жазбаша парақ саны көрсетіледі, кітаптар тігіліп және тіркеуші органның мөрімен бекітіледі.

154. Тіркелген азаматтық хал актілері кітаптары азаматтық хал акті жазбаларының бірінші және екінші даналарынан тұрады.

Акт жазбалардың бірінші және екінші даналары бірге толтырылып, бірдей реттік нөмірмен нөмірленеді.

Азаматтық хал акт жазбалары бірінші нөмірден басталады, жыл бойы бірінші қаңтардан отыз бірінші желтоқсанға дейін (қоса алғанда) - дәйектілікпен жүргізіледі. Азаматтық хал акт жазбасының әрбір түрі бойынша бөлек нөмірлеу жүргізіледі.

Бастапқы тіркеу орны бойынша акт кітаптары жетпіс бес жыл бойы сақталады, содан кейін тиісті мемлекеттік мұрағатқа беріледі. Екінші даналардың акт кітаптары АХАЖ АЖ-да бар екендігі расталғаннан кейін белгіленген мерзім өткеннен кейін жойылуға жатады.

Азаматтық хал акт жазбасының барлық бағандары қысқартусыз (көпшілік мақұлдағаннан басқасы) толық жауаптармен толтырылады, бөлек сөздерді (анкеталық деректер) тастап кету немесе оларды қысқартуға жол берілмейді.

Егер сұраққа теріс жауап қайтарылатын болса, бағандар "жоқ" сөзімен толтырылуы тиіс.

Есімі, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі тапсырылған құжатқа сәйкес толық толтырылады.

155. Тұлғаның ұлты жеке басын куәландыратын құжат бойынша көрсетіледі. Шетел азаматының азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде ұлттан басқа өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің атауы, сондай-ақ оның азаматтығы көрсетіледі.

156. Азаматтық хал актісі жазбасына актіні тіркеген лауазымды тұлға қол қояды және тіркеуші органның мөрімен бекітіледі.

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді растау үшін өтініш берушіге тиісті куәлік немесе азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беріледі.

Азаматтық хал актісі жазбасын тіркеу кезінде азаматтық хал актісі жазбасы жасалатын тілді білмейтін азаматқа жазба мәтінін оның аудармашысы аударады, бұл "белгілер үшін" бағанында белгіленеді.

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу сауатсыз мылқау немесе саңырау, саңырау-мылқауға қатысты жасалса, оған қатысты азаматтық хал актілерін азаматқа түсіндіре алатын адамның қатысуымен жасалуы мүмкін. "Белгілер үшін" бағанында осы фактіні куәландыратын адам туралы, сондай-ақ акт жазбасының мазмұны мылқау немесе саңырау, саңырау-мылқаудың еркіне сай келетіні туралы белгі қойылады.

Соқыр азаматқа азаматтық хал актісі жазбасын жасау кезінде азаматтық хал актісі жазбасының мәтінін акт жазбасын жасайтын тіркеуші органның лауазымды тұлғасы оқиды, бұл азаматтық хал акт жазбасының "белгілер үшін" бағанында белгіленеді.

157. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бланкілері жанбайтын шкафтарда немесе темір жәшіктерде сақталады.

Жұмыс істемейтін уақытта куәлік бланкілері бар жанбайтын шкафтар, темір жәшіктер мөрленеді. Бланкілерге бланкілерді сақтауға жауапты тұлғалар қол жеткізе алады.

158. Куәліктердің бланкілерін жоғалтқан немесе ұрланған жағдайда оларды сақтауға жауапты тұлғалар бланкілердің жоғалғанын немесе ұрланғанын байқап, сол күні бұл туралы жоғалған немесе ұрланған бланкілерді іздестіру шараларын қолдану үшін аумақтық әділет органына және облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдігіне, сондай-ақ ішкі істер органдарына хабарлайды.

159. Тіркеуші орган азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілерінің жоғалған немесе ұрланған әрбір жағдайы туралы олардың түрлері мен нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды. Бұл хабарлама Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберіледі.

160. Куәліктердің бланкілерін жоғалтудың немесе ұрлаудың әрбір жағдайы бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдігі жоғалуға ықпал ететін себептерді жою үшін қызметтік тексеру жүргізуі қажет.

161. Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердің бланкілерін қабылдауды оларды дайындаған органның жүкқұжатына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың аумақтық әділет органы жүргізеді.

162. Ақаулы бланкілер (қорғаныш торының, баспа мәтінінің болмауы немесе зақымдануы, қайталанған нөмірлердің болуы және т.б.), куәлік бланкілерінің нөмірлері жетіспеген немесе сәйкес келмеген жағдайда екі данада акт жасалады.

163. Жоюға жатады:

1) азаматтық хал актілері жазбаларына түзетулер, өзгертілер мен толықтырулар енгізуге байланысты, сондай-ақ жазбаның күшін жоюға байланысты ауыстыру үшін тапсырылған куәліктер;

2) жарамсыз болған, орнына қайталама куәліктер берілген куәліктер;

3) табылған куәліктер;

4) басқа тіркеуші органдардан жіберілген және азаматтар бір жыл ішінде алмаған қайталама куәліктер;

5) толтыру кезінде бүлінген куәліктердің бланкілері.

164. Аталған куәліктерді жою аумақтық әділет органдарымен бірлесіп тіркеуші органдарда жою актісін жасай отырып, жыл сайын өртеу жолымен жүргізіледі.

13-тарау. Әділет органдарымен тіркеуші органдарға бақылауды қамтамасыз ету тәртібі

165. Өкілеттіктер шеңберінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органының басшысы:

АХАЖ АЖ-да азаматтық хал актілерін тіркеу туралы енгізілген мәліметтердің сапасын бақылайды;

азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тіркеуші органдарға барып және бармай профилактикалық бақылау жүргізеді;

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілерін дайындауға жиынтық өтінім әзірлеуді қамтамасыз етеді.

166. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу кезінде заңнаманың бұзылуы анықталған жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың аумақтық әділет органы тиісті тіркеуші органдарға азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу кезінде анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы және қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімде лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы нұсқама енгізеді.

14-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

167. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру Қағидаларына
1-қосымша
Нысан

_____
(Т.А.Ә (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) не көрсетілетін қызметті алушының атауы)

_____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың атаулары:

1)_____;

2)_____;

3)_____ ұсынуыңызға байланысты мемлекеттік қызметті

"_____" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы қолхат әр

тарапқа бір-біреуден 2 данада жасалды.

_____

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) _____ Телефоны _____

Алдым:

Т.А.Ә (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) / көрсетілетін қызметті

алушының қолы _____ 20__ жылғы "___" _____

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру Қағидаларына 2-қосымша Нысан

Өтініштердің есебін жүргізу журналы

Р/с №№	Өтініштің түскен күні	Мемлекеттік қызметті алушының аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі	Өтініштің түрі және кіріс құжаттың қысқаша мазмұны	Қарары немесе құжат орындауға кімге жолданды	Азаматтық хал акт жазбасының мемлекеттік тіркеу күні	Құжатты орындауға алған күні	Құжатты орындағаны туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру Қағидаларына 3-қосымша Нысан

Елтаңбалы бланкілерінің берілу есебін жүргізу журналы

Р/с № №	Куәліктің берілген күні	Куәлік берілетін тұлғаның аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі	Бланкінің нөмірі	Акт жазбаның нөмірі	Акт жазбаның тіркелген жері мен күні	Бастапқы немесе қайталама жазба	Мемлекеттік қызметті алушының аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі	Мемлекеттік қызметті алушының куәлікті алған кездегі қолы немесе куәліктің Мемлекеттік корпорацияға жолданғаны туралы белгі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеу, азаматтық
хал актілері жазбаларына
өзгерістер енгізу, қалпына
келтіру, жоюды ұйымдастыру
Қағидаларына
13-Қосымша

"Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Қызметті көрсететін мемлекеттік орган	Нұрсұлтан және Алматы, Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың,ауылдық округтердің әкімдері; 3) портал арқылы.
3	Қызмет көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң жүргізіледі (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді); некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлескен өтініші бойынша тиісті құжаттармен (дәрігерлік біліктілік комиссиясының жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын анықтамалар) расталған дәлелді себептер (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнген және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде көрсетілетін қызметті беруші неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу орны бойынша бір ай өткенге дейін қысқартады не ұзартады, өтініш берген күнінен бір айдан аспайтын мерзімге көрсетілетін қызметті алушылардың жазбаша өтініші негізінде; ерекше мән-жайлар (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнген және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қалауы бойынша неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу себептерін және растайтын құжаттарды міндетті түрде көрсете отырып, өтініш берілген күні жүргізіледі;

		азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу - 5 (бес) жұмыс күні; АХАЖ АЖ-де актілік жазба болмаған кезде қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады (Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті қарау мерзімі ұзартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды); портал арқылы берген кезде - өтінішті қабылдауды растау туралы хабарлама 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке жіберіледі; Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.
4	Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін нысаны	Электрондық/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметтің нәтижесі	1) неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы қайталама куәлік; 2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде, портал арқылы өтініш беру кезінде некеге тұру (ерлі-зайыпты болу) туралы анықтама, дәлелді бас тарту электрондық түрде жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	1) неке қиюды тіркеу үшін-1 (бір) АЕК; 2) неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәлік бергені үшін-0,5 АЕК. Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде мыналар растайтын құжаттарын көрсеткен кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады: 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі, қорғаншылар (қамқоршылар), мемлекеттік ұйымдар - туу туралы куәліктер тіркелгені және қайтадан берілгені үшін; 2) жеке тұлғалар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты азаматтық хал актілерінің жазбалары өзгертілген, толықтырылған, қалпына келтірілген және түзетілген кезде өздеріне куәліктер берілгені үшін.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушіде – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.; Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

		2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Қажетті құжаттар	Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушылардың жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат; Шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар қосымша: - некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама (апостиль қойылған/заңдастырылған, орыс немесе мемлекеттік тілге аудармасы бар); - Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ұсынады; - Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлға тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынады; - Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға азаматы болып табылатын елдің немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тұрақты тұратын мемлекетінің құзыретті органдары берген оның жеке басын куәландыратын құжаты және олардың мәтінінің қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасын ұсынады. Шетелдіктің, азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар мәтінінің аудармасының дұрыстығы шетел азаматы болып табылатын мемлекеттің немесе азаматтығы жоқ тұлға тұрақты тұратын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде немесе консулдық мекемесінде не сыртқы саяси ведомствосында куәландырылуы мүмкін. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар, олардың мәтінінің мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады. Қажет болған жағдайда - өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органынан некеге (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат. Заңнамада белгіленген некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу мерзімін қысқарту немесе ұзарту қажет болған кезде мерзімді қысқарту негіздерін растайтын құжат қосымша ұсынылады: жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссияның анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше жағдайларды растайтын анықтамалар. Неке (ерлі-зайыптылық) заңнамада белгіленген жасын төмендету қажет болған жағдайда қосымша ұсынылады: 1) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш; 2) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін растайтын құжаттар: жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссиясының анықтамасы немесе ортақ баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; 3) неке (ерлі-зайыптылық) жасына жетпеген некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың заңды өкілдерінің келісімі; 4) заңды өкілдердің өкілеттігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер. Алдыңғы некелер (ерлі-зайыптылық) болған кезде деректерді тексеру үшін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу немесе жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы туралы мәліметтер беріледі. ҚР шегінен тыс жерлерде азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы тиісті (апостилденген/заңдастырылған, қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен) куәліктердің

		көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары) ұсынылады. Порталға: Көрсетілетін қызметті алушылардың, некеге отыратын екі адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініш. Екінші және одан кейінгі некелерді (ерлі-зайыптылықты) тіркеу кезінде деректерді тексеру үшін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу немесе жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы туралы мәліметтер ұсынылады. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін қажетті құжаттардың тізбесі): 1) Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуге байланысты ауыстыруға жататын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы, куәліктің түпнұсқасы жоғалған жағдайда оның жоғалғаны туралы және азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтерді көрсету; 4) азаматтық хал актісі жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болуын растайтын құжат; 5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Өтініш берілген жағдайда: 1) бір жыныстағы адамдар; 2) ең болмағанда біреуі басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрса; 3) жақын туыстары арасында; 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалар, бала асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалар арасында; 5) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан кем дегенде біреуі әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар; 6) өкіл арқылы; 7) көрінеу жалған мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда; 8) егер тіркеуші органның неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың болуын растайтын дәлелдемелері болса); 9) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 10) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер белгіленуі мүмкін.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеу, азаматтық
хал актілері жазбаларына
өзгерістер енгізу, қалпына
келтіру, жоюды ұйымдастыру
Қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Өтініш 20 __ жылғы "___"_____ қабылданды

№ _____ журналда тіркелді.

Некеге отыруды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу

20___ жылғы "___" _____ тағайындалды.

Лауазымды тұлғаның қолы _____

Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы Өтініш

		Азамат	Азаматша
1.	Аты		
2.	Әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе)		
3.	Тегі		
4.	Туған күні, жасы	"___" _____ жылы ___ жасқа толды	"___" _____ жылы ___ жасқа толды
5.	Азаматтық		
6.	Туылған жері (қала, ауыл, аудан, облыс, өңір, республика)		
7.	Ұлты		
8.	Білімі		
9.	Қайда және кім болып жұмыс істейді		
10.	Отбасылық жағдайы: некеде отырған, жесір, ажырасқан		
11.	Ортақ балалар туралы мәлімет		
12.	Тұрақты мекенжайы		
13.	Қай жылдан		

14.	Нешінші некеге отыруы		
15.	Жеке тұлғаны растайтын құжат (нөмірі, қашан және кіммен берілді)		
16	ЖСН (бар болса)		

Неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергілер жоқ.

Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркегеннен кейін тегін алуды қалаймз және бір ай ішінде

жеке басын куәландыратын құжаттарды (тегін өзгертуді қалайтын адамдар үшін)

ауыстыру қажеттігі туралы хабардармыз.

жұбайы

_____

жұбайы

_____

Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) шарттары мен тәртібімен таныстық.

Болашақ ерлі-зайыптылардың және ата-аналардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеуді салтанатты/салтанатты емес жағдайда өткізуді сұраймыз. (қажеттісінің астын сызу)

Біз некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайларды жасырғаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 491-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылатыны туралы ескертілдік.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) тұлғалардың қолы:

Жұбайы _____

(қолы және некеге дейінгі тегі)

Зайыбы _____

(қолы және некеге дейінгі тегі)

Өтініш беру күні "___" _____20___жыл

_____

(аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), өтінішті қабылдаған лауазымды адамның тегі)

журнал бойынша № _____

(қию сызығы) – ЖАО үшін

"____" _____20__ некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы өтініш қарауға қабылданды

Қарау нәтижелері хабарланады "____" _____ 20__ жыл

Маман

_____

(аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеу, азаматтық
хал актілері жазбаларына
өзгерістер енгізу, қалпына
келтіру, жоюды ұйымдастыру
қағидасына
15-қосымша
Нысан
Бекітілген
Тіркеуші органның
лауазымды тұлғас
_____
(тіркеуші орган атауы)
20 __ жылғы "__" _____

Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету не бас тарту туралы Қорытынды

_____ тіркеуші орган

(аудан (қала), облыс атауы)

азамат(ша)

_____

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

_____

___

(туған күні)

неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтінішін қарастырып ___

_____

___

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

_____

___

(туған күні)

Неке жасын _____ төмендету туралы

(төмендету жасы)

белгіленген неке жасын төмендетуді қажет еткізетін себеп бойынша: _____

_____

___

және некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) келісімін _____

_____

___

және өтінішке қосылып берілген құжаттарды ескере: _____

_____

___

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодекстің 10-бабына сәйкес

Ұйғардым:

Өтініш берушінің өтінішін қанағаттандыру және неке (ерлі-зайыптылық) жасын

төмендету мүмкін:

_____

___

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

_____

___

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

Тіркеуші орган лауазымды тұлғасы

_____

__

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

(қолы)

20____жылғы "____"_____

Азаматтық хал актілерін
мемлекеттік тіркеу, азаматтық
хал актілері жазбаларына
өзгерістер енгізу, қалпына
келтіру, жоюды ұйымдастыру
Қағидаларына
16-қосымша
Нысан

_____

(тіркеуші орган атауы)

_____

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

мекен-жайы:

_____

Тел. №

_____

№ жеке басын куәландыратын құжат

_____

_____

(нөмірі, кіммен, қашан берілген)

ЖСН_____

_____

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

мекен-жайы:

_____

Тел. №

_____

№ жеке басын куәландыратын құжат

_____

_____

(нөмірі, кіммен, қашан берілген)

ЖСН_____

Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш

Қызымның/ұлымның неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуіңізді сұраймыз

_____

___

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

_____

___

(туған күні)

белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуді қажет еткізетін себеп бойынша:

_____

_____

___

(аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

_____ азаматпен некеге отыру үшін.

(туған күні)

Келесі құжаттарды қоса бердік:

_____
___

Біз некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайларды жасырғаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 491-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылатыны туралы ескертілдік.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Некеге (ерлі-зайыптылық) отырушылардың келісімі:

_____ _____

(қолы) (қолы)

Мен (біз) неке жасына жетпеген некеге (ерлі-зайыптылық) отырушы тұлғалардың

заңды өкілдері, некені (ерлі-зайыптылық) тіркеуге өз келісімімізді береміз.

Заңды өкілдердің (қамқоршылардың) қолдары:

_____ _____

"___" _____20___жыл "___" _____20___жыл

_____
_

(аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), өтінішті қабылдаған лауазымды адамның тегі)

журнал бойынша № _____

(қию сызығы) – ЖАО үшін

"____" _____20__ неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш қарауға қабылданды.

Қарау нәтижелері хабарланады "____" _____ 20__ жыл

Маман

_____

(аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 64 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы әділет министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11374 тіркелді, 2015 жылғы 20 маусымдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 39 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13016 тіркелді, 2016 жылғы 15 ақпандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 450 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13856 тіркелді, 2016 жылғы 14 шілдедегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 821 бұйрығының. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14349 тіркелді, 2016 жылғы 28 қазандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

5) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 766 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15300 тіркелді, 2017 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

6) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 1640 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16269 тіркелді,.2018 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

7) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 1576 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17876 тіркелді, 2018 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

8) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 191 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18527 тіркелді, 2019 жылғы 26 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

9) "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 393 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19111 тіркелді, 2019 жылғы 6 тамыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК